

Тасқын судың салдары салмақты болды

Қардың көп түсуі, тоңның қалың болуы және бірнеше күн ауа температурасының жоғары деңгейі сақталып, қардың күрт еруі қарғын судың қарқынын арттырған негізгі себептер болды. Осыған сәйкес, еріген қар суы үйлерге кіріп, көпшілікті шығынға ұшыратты. Қазіргі уақытта сол шығынды өтеп, зардап шеккен тұрғындарға көмек қолын созуда үкімет пен жаппай халық күш біріктіріп отыр.

Қардың күрт еруі 23 наурызда байқалды. Еріген қар суы қауіп төндіре бастаған соң 23-25 наурыз аралығында 109 диспетчер қызметіне 26 шағым келіп түсіп, су сору, арық қазу сынды жұмыстар жүргізілді. Арқалық қалалық әкімдігі жанынан 4 мобильді топ құрылып, келіп түскен шағымдар бойынша су сору жұмыстарына кірісті. Жалпы қала бойынша жергілікті атқарушы органдардан 32 адам, 3 техника, 8 мотопомпа, №4 өрт сөндіру бөлімінен 15 адам, 1 техника, 5 мотопомпа, Арқалық қаласының жедел құтқару жасағынан 2 адам, 1 техника, 1 мотопомпа, Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті жасағы 50 адам, 3 техника және 1 тіркемелі мотопомпа қауіпсіздік жұмыстарына жұмылдырылды. Сонымен қатар, Арқалық қаласына Қарағанды қаласының әске-

болған барлық шығын өтелетінін жеткізді. Сондай ақ, мұндай төтенше жағдайдың өңірімізде алғашқы рет болып отырғанын мәлімдеді. «Су тасқыны әсіресе оңтүстік өңірлерімізде Арқалық қаласы мен Аманкелді, Жанкелді аудандарында өзімнің бақылауымда. Қазгидрометтің ақпаратына сай мұндай су тасқыны оңтүстік өңірлерде ешқашан болмаған. Қыс бойы қардың нормадан екі есе көп жауғаны және түн мезгіліндегі нөлден жоғары ауа температурасы осыған алып келді. Дегенмен қажетті шаралар қабылданды. Құтқару жұмыстарына бір мыңнан астам адам, бес жүздің үстінде әртүрлі техника жұмылдырылып, оның ішінде төрт тікұшақпен осы екі күннің ішінде қауіпті жерлерден 443 адам құтқарылды», - деп мәлімдеді облыс әкімі.

да. Сондай ақ қаламыздың ерікті азаматтары «Біздің Арқалық» еріктілер штабын құрып, көп адамға көмегін тигізуде. Игілікті іске Арқалық қалалық іскер әйелдер қауымдастығы да үлестерін қосып, 5 дана су сору құрылығысын, балаларға арналған тамақ, киімдер, жаялықтарын сатып алып беріп, 11 отбасыны дәрі - дәрмектермен қамтамасыз етсе, қаламыздың ақындары азық - түлік, киім - кешектер жеткізді.

Қала кәсіпкерлері аяқ киімдер, жылы киімдер, 3 су сорғыш мотопомпа, азық - түлік пен 12 отбасыға газ баллондар алып берді.

Қалалық мешіт 70 отбасыға азық - түлік, еріген қар суынан жапа шеккен тұрғындар мен еріктілерге 50 дана резенке етік сатып алып берді.

Қала тұрғындары арнайы орталыққа киімдер, ыдыстар мен шағын тұрмыстық техникалар жеткізуде. Жеке азаматтар тасқын судан зиян көрген тұрғындардың каспи шоттарына 500 мың теңгеге жуық қаражат аударды.

Мекемелер мен ұжымдар 1 тоннадан астам азық - түлік және киімдер табыс етті.

ри бөлімшесінен 50 адам 3 техника, Қостанай қалалық Төтенше жағдайлар департаментінен 2 техника мен 5 адам көмекке келді.

Алайда, қардың еруі қарқын ала түсіп, жағдай ушыға бастаған соң «Арқалалық қаласы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы №4 шешіміне сәйкес Қостанай облысы, Арқалық қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды».

Көпірлер бұзылып, жолдар жабылды

Су тасқынынан бірнеше ауылға апарар жолдар мен көпірлер бұзылған болатын. Қазір солар қайта қалпына келтірілуде. Атап өтсек, Қайыңды ауылына қиреберістегі бұзылған көпір уақытша қайта жөндеуден өтті. Аққошқар ауылына барар жолдағы су өткізгіш құбыр да бұзылған болатын. Бұл жер де уақытша болса да жөнделді. Сондай ақ Әбдіғаппар хан ауылына апарар жолдағы көпір шамалап бұзылып, одан әрі жолды су шайып өтті. Ол жаққа баруға жол болмағандықтан әзірге аталған көпір мен жолды жөндеу әзірге мүмкін болмай отыр.

Қарғын судан қауіп артқан уақытта Қостанай облысының әкімі, облыстық ТЖ жөніндегі жедел штабтың басшысы Құмар АҚСАҚАЛОВ қаламызға шұғыл жетіп, жағдайды бақылауына алды. Қар суынан зардап шеккен тұрғындардың үйлеріне кіріп, тілдесу барысында төтенше жағдай кезінде

Штаб отырысын өткізген Құмар Іргебайұлы алыс құтқарулардан адамдарды қытқару жұмысы шұғыл аяқталуы тиіс екенін айтып, су соруға арналған мотопомпалардың санын көбейту жөнінде тапсырма берді. Осының негізінде келесі күні ақ қаламызға 50 мотопомпа сатылып алынып, су сору жұмыстары қарқын алды. Мұнымен қоса қар итеру, арық қазу, бітеліп қалған суағарларды қайта тазарту, құм төсеп судың алдын бөгеу жұмыстары да жүргізілді.

Еріктілердің ерлігі

Еріген қар суының салдарымен күреске көпшілік ат салысуда. Әсіресе, Арқалық жастар ресурстық орталығының үйлестіруімен, қаламыздағы бір жоғары оқу орыны және төрт колледжде жасақталған еріктілер ерлікке пара пар іс көрсетуде. Жастар күн демей, түн демей судан келетін зардаптың алдын алу мен оның салдарын жеңілдету шараларына белсене атсалысып келеді. Үйлерге кірген суды мотопомпамен сору, құм қаптап, судың алдын бөгеу, қар шығару, гуманитарлық көмектерді түсіріп, мұқтаж кісілерге тарату, жеке көліктерімен мотопомпалар мен басқа да қажетті құралдарды жеткізіп беру, қауіпсіз жерге шығарылған тұрғындарды ас ішуге апару сынды шаруаларға қолұшын берді.

Мұнымен қоса, жастар ресурстық орталығы жанынан еріктілер штабы құрылып, мұнда келіп түскен азық – түлік, киім – кешектер таратылу-

Жол қатынасы уақытша тоқтаған елді – мекендерге тікұшақ арқылы азық – түліктер, 100 литр бензин, 100 литр жанар – жағар май мен дәрі – дәрмектер жіберілді.

«Аманат» партиясынан 3 тонна картоп, 3 тонна ұн, «Республика» партиясынан 500 келі азық – түлік жеткізіліп, ерікті жастар 105 мекен – жай бойынша гуманитарлық көмек таратты.

Қар суынан зардап шеккен тұрғындардың малдарына көршілес аудандардан көмекке 62 тонна шөп пен 85 тонна жем жеткізіліп, тұрғындарға таратылуда.

Қызылжұлдыз және Екідің ауылдарынан эвакуацияланған 122 адамға көмектер көрсетілуде. Ел азаматтары Астана қаласынан жіберген азық – түлік, киім, төсек – орын, шаруашылық заттары тиелген екі газель жүк көлігі келіп жетті. Мұнымен қоса аталған тұрғындар түскі және кешкі ыстық аспен қамтылған. Тамақ қалалық әкімдіктің асханасынан беріліп жатыр. Ол кісілердің денсаулығы, қауіпсіздігі жіті қадағалауда. Балалары М. Әуезов атындағы №5 – ші және №2 мектепте білім алып жатыр, мұғалімдері, мектеп ұжымы жұмыспен қамтылған. Балаларды мектепке апарып алып келуге көлікпен қамтылған. Мектепке қажетті киім – кешек, оқу құралдары, кеңселік тауарлар түгелдей сатып алынып берді. Бір сөзбен айтқанда қауіпсіз жерге шығарылған тұрғындардың балалары алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалып отыр.